


See-Through Mobile Viewer
MOVERIO
BT-200

EPSON
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы





BT-200 әлеміне қош келдіңіз

Бұл - мобильді көрсету құралы арқылы екі көзбен де көруге болатын бірегей өнім.


Ол үй желісіндегі бейнелерді, смартфонңыздағы және планшетіңіздегі кескіндерді ыңғайлы түрде тамашалауға мүмкіндік береді.

Сақтау және көрсету

Компьютерде сақталған бейнелер мен кескіндерді өнімге тасымалдап, көре аласыз.

Жай ғана USB кабелі арқылы жалғаңыз.

➔ "Компьютерден көшірілген бейнелерді көру (Gallery)" беті: 29



Веб сайтты көрсету

Интернетке сымсыз қосылу арқылы веб сайттан бейнелерді көре аласыз.

Веб сайттан бейнелерді іздеу

Қалаған бейне қызметтерін пайдалану

➔ "Бейнелерді веб-сайттан көру (Browser)" беті: 30



Кескіндерді смартфонда көрсету

Бұл өнім смартфонда ойнап тұрған кескіндерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Miracast қолдайды

Miracast көрсетілген құрылғыларды сымсыз тікелей жалғайтын және құрылғылар арасында бейнелер мен музыканы өткізетін технология. Бұл өнім кескіндерді басқа құрылғылардан қабылдап, жібере алады.

➔ **"Басқа құрылғылар мен экрандарды синхрондау (MOVERIO Mirror)" беті: 31**



Смартфонда көрсетілген кескін



Сол сәтте өнімдегі көрініс

Мазмұны



Қауіпсіздік нұсқаулықтары.	6	Компьютерден көшірілген бейнелерді көру (Gallery)	29
Дайындау	11	Бейнелерді веб-сайттан көру (Browser)	30
Бөлшек аттары мен функциялар	11	Басқа құрылғылар мен экрандарды синхрондау (MOVERIO Mirror)	31
Зарядтау.	13	Ақаулықты жою	33
Гарнитураны тағу	14	Сипаттамалар	35
Қосу және өшіру	16	Интеллектуалдық меншік құқықтары	37
Операцялар	18	Жалпы ескертпелер	38
Сенсорлық тақтаны пайдалану	18	Contact List	40
Басты бет экранын пайдалану	21		
Бастапқы параметрлер	25		
Сөзкөмектерді көрсету	27		
Кескіндерді көрсету.	29		

Пайдаланушы нұсқаулығының ұйымдастырылуы

■ Бкулет нұсқаулық (қағаз)



пайдаланушы нұсқаулығы (осы нұсқаулық)	Бұл нұсқаулық осы өнімге қатысты қауіпсіздікті, негізгі жұмыс әдістерін және ақаулықты жою туралы ақпаратты ұсынады. Өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
Іске қосу нұсқаулығы	Бұл нұсқаулық өнімді алғаш рет пайдалану туралы ақпарат ұсынады.

■ Электрондық нұсқаулық (веб)



Анықтамалық нұсқаулық	Бұл нұсқаулық осы өнім қолдайтын қолданбалар, өнім параметрлері және ақаулықты жою туралы ақпаратты ұсынады. Бұл нұсқаулықты PDF файлы немесе анықтамалық қолданба ретінде көруге болады. Толық мәліметті http://www.epson.com сайтынан таба аласыз.
------------------------------	---

Осы нұсқаулықта қолданылатын таңбалар

■ Қауіпсіздік таңбасы

 Ескерту	Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына, тіпті, адам өліміне себеп болады.	 Сақ болыңыз	Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болады.
--	---	--	---

■ Жалпы ақпараттық таңбалар

 Сақ болыңыз	Мұқият болмаған жағдайда, өнімнің зақымдалуына немесе адамның жарақаттануына себеп болатын процедураларды білдіреді.	 Ескертпе	Тақырып туралы пайдалы қосымша ақпарат пен пункттерді білдіреді.
[]	Экранда көрсетілетін белгішелер мен мәзір элементтерін және контроллер кодтарының атын білдіреді.	→	Байланысы ба тақырып сілтемесін білдіреді.

Қауіпсіздік нұсқаулықтары

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін өнімді дұрыс қолдану мақсатында қосымша берілген құжаттарды мұқият оқып шығыңыз. Барлық нұсқаулықты оқып шыққан соң, болашақта қолтану мақсатында сақтап қойыңыз.

Ескерту Қолдану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Бұл өнімді тек белгіленген қуат көзінің кернеуінде қолданыңыз.

Тек өніммен бірге берілген USB кабель мен АТ адаптерін пайдаланыңыз. Басқа USB кабельді немесе АТ адаптерін пайдалану өнімнің қызып кетуіне, өртенуіне, жарылуына, дұрыс жұмыс істемеуіне немесе сұйықтықтың ағуына себеп болады.

Ашаны пайдалану кезінде төмендегі сақтық шаралары бойынша әрекет етіңіз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

- Басқа да көп құрылғылар қсылып тұрған розеткаға АТ адаптерін жалғамаңыз.
- Ашаны ластанған розеткаға тықпаңыз.
- Ашаны розеткаға нық тығыңыз.
- Дымқыл қолмен ашаны ұстамаңыз.
- Ашаны ажыратқан кезде қуат кабелінен тартпаңыз.

Зақымдалған қуат кабелін (жабдықталған USB кабелі) қолданбаңыз. Өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.

- Қуат кабелін өзгертпеңіз.
- қуат кабелінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Қуат кабеліне күш салып бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе тартпаңыз.
- Қуат кабелін ыстық электрлік құрылғылардан алшақ ұстаңыз.

Қолданылмайтын кезде өнімді қуат көзінен ажыратыңыз. Электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе ақаулықтың пайда болуына себеп болатын оқшаулау материалы нашарлауы мүмкін.

Жауын жауып тұрғанда АТ адаптеріне тимеңіз.

Бұл өнімді тропикалық ортадағы ауа температурасына, тезерезі жабық көлікке, тікелей үн сәулесіне немесе кондиционер немесе ауа жылытқыш розеткаларының жанына қоймаңыз. Сонымен қатар, өнімді температураның күрт өзгереді жерлерде қолданбаңыз. Ол өрттің шығуына, өнімнің дұрыс істемеуіне немесе ақаулықтың пайда болуына себеп болады.

Өнімді жуынатын бөлме немесе душ сияқты су болып қалуы мүмкін немесе ылғадығы жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Ол өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Өнімді ылғалдығы жоғары, лас, түтін мен будың әсеріне ұшырайтын ас үй үстеліне немесе ылғалдандыру құралының жанына қоймаңыз. Ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе кескін сапасының нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Пайдаланған кезде өнімнің немесе АТ адаптерінің бетін шүберекпен немесе соған ұқсас материалмен жаппаңыз. Ыстық немесе алау корпустың пішімін өзгертуі мүмкін.

Камераны тікелей күн сәулесіне ұзақ уақытқа қоймаңыз. Жарықтың конденсациялық сәулелеріне байланысты өрттің шығуына немесе жарылуға себеп болуы мүмкін.

Ескерту Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары



Өнімді жоғарғы дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Ол есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. Өнімді өшірмес бұрын дыбыс деңгейін төмендетіңіз және өнімді қосқаннан кейін дыбыс деңгейін көтеріңіз. Есту құралдары мен құлаққаптарды ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде қолданылса, біржола есту қабілетін нашарлатуы мүмкін.

Қуат коннекторына, порттарына немесе тыңдау құралдарының микрофон ұяшығына металл, жанғыш немесе бөтен заттарды салмаңыз. Ол қысқа тұйықталуға себеп болып, өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.

Алкоголь, бензин немесе бояу езгіш сияқты ерітінділердің өнімге тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Сонымен қатар, өнімді дымқыл шүберекпен немесе ерітінділермен тазаламаңыз. Егер өнімнің корпусы шытынайтын болса, ол электр тогының соғуына, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе өрттің шығуына себеп

болады.

Өнімді бөлшектеп, басқа үлгіге өзгертпеңіз. Ол жарақаттануға немесе ұлануға себеп болады.

Өнімді отқа тастамаңыз және ысытпаңыз. Сонымен қатар, жанатын майшам сияқты заттарды өнімнің жанына қоймаңыз. Ол өрттің шығуына немесе жарылысқа себеп болады.

Ескерту Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Көлік жүргізгенде, мотоцикл немесе велосипед жүргізгенде, ас дайындағанда немесе басқа да қауіпті тапсырмаларды орындағанда өнімді тақпаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Осы өнімді саты сияқты тұрақсыз жерлерде немесе еңісте пайдаланбаңыз. Сондай-ақ, өнімді көп көлік бар немесе қараңғы жерлерде жүрген кезде пайдаланбаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Өнімдегі суреттерді көріп жүру кезінде, айналаңыздағы заттарға абай болыңыз. Егер назарыңыз кескінде болса, оқыс оқиғалар, құлау және басқа адамдармен соқтығысу орын алуы мүмкін.

Қараңғы жерлерде көру кезінде, кескіннің жарықтығына байланысты айналаңызды көру қиынға соғады.

Айналаңыздан абай болыңыз.

Осы өнімді кіші жерлерде пайдаланғанда, айналаңыздан сақ болыңыз.

Ескерту Өнімнің қалыпсыз жұмыс істеуіне қатысты сақтық шаралары

Төмендегі жағдайлар орын алғанда, өнімді дереу өшіріп, АТ адаптерін ажыратыңыз және өкілетті Epson дилеріне хабарласыңыз. Жұмысты осы жағдайларда жалғастыру өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады. Өнімді өз бетіңізбен жөндеуге әрекеттенбеңіз.

- Түтін шыққанын көрсеңіз немесе бір түрлі иіс сезіп, дауыс естісеңіз.
- Өнімге су немесе өзге заттар кіріп кетсе.
- Өнім құлап, корпус зақымдалса.

Ескерту Сымсыз функцияның сақтық шаралары

Ұшақ немесе аурухана секілді электромагниттік толқындарды қолдану тыйым салынған орындарда өнімді алып жүргенде, сол жердің нұсқаулықтары бойынша әрекет етіңіз және өнімді өшіріңіз немесе Bluetooth, сымсыз LAN функциясын өшіріңіз. Автоматты есіктер немесе өрт дабылдары сияқты автоматты түрде басқарылатын құрылғылардың жанында Bluetooth немесе сымсыз LAN функциясын пайдаланбаңыз. Өнімді өшірмес бұрын, автоматты түрде қосылу функциясын

өшіріңіз. Электромагниттік толқындар медициналық құрылғылардың электромагниттік кедергісіне немесе құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

Медициналық ғимараттарда Bluetooth немесе сымсыз LAN пайдаланғанда төмендегі пункттерді ескеріңіз.

- Бұл өнімді от жасау бөлмесіне, қарқынды терапия бөліміне (ICUs) немесе кардиологиялық терапия бөліміне (CCUs) алып кірмеңіз.
- Аурухана палатасында, өнімді өшіріп, электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Электрондық медициналық құрылғылар тұрған аймақта өнімді өшіріңіз немесе электромагниттік толқындарды тоқтатыңыз.
- Электромагниттік толқын шығаратын құрылғыларды қолдануға тыйым салынған немесе бндай құрылғыларды алып кіруге тыйым салынған медициналық ғимараттар тарапынан орнатылған кез келген ереже бойынша әрекет етіңіз.
- Өнімді өшірмес бұрын, автоматты түрде қосылу функциясын өшіріңіз.

Имплантталған кардиостимуляторыңыз немесе дефибрилляторыңыз болса, Bluetooth немесе сымсыз LAN пайдаланған кезде, осы өнім мен имплантталған құрылғының арасы кемінде 22 см болатындай ұстаңыз. Қолданбас бұрын, жаныңызда кардиостимуляторы бар ада болмасын, поезд сияқты адам көп жиналған орында болсаңыз, өнімді өшіріңіз немесе электромагниттік толқынды тоқтатыңыз.

Сақ болыңыз Қолдану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Өнімді дірілдейтін немесе ұрылатын жерге қоймаңыз.

Айналаңыздың қауіпсіз екендігіне көз жеткізіңіз және гарнитураны тағу кезінде жан-жағыңызға тез шағылатын заттарды қоймаңыз. Бейне сіздің еріксіз қимылдауыңызға себеп болуы мүмкін, нәтижесінде айналаңыздағы заттардың зақымдалуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.

Өнімді жоғары кернеулі желілер немесе магниттелген заттардың жанына қоймаңыз. Ол өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету кезінде, АТ адаптерін және барлық сымдарды ажыратыңыз. Әйтпесе, электр тогының соғуы мүмкін.

Белгіленген уақыт аралығында батарея зарядталып бітпесе, зарядтауды тоқтатыңыз. Зарядтауды әрі қарай жалғастыру сұйықтықтың ағуына, ысып кетуіне, жарылуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Сақ болыңыз Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары

Контроллерді қауіпсіз болатындай ұстаңыз немесе орнықты бір жерге қойыңыз, кабельдердің тартылуына жол бермеңіз. Контроллердің салмағына байланысты

гарнитураны тастау жарақат алуға немесе өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп соғады.

Өнімді жергілікті заң мен заңнамаларға сәйкес жойыңыз.

Сақ болыңыз Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Бұл өнім көмегімен кескіндерді көру кезінде жүйелі түрде үзіліс жасап тұрыңыз. Кескіндерді ұзақ уақыт бойы көруден көзіңіз шаршауы мүмкін. тіпті, үзіліс жасағаннан кейін өзіңізді шаршаңқы немесе жайсыз сезінсеңіз, ары қарай көрмеңіз.

Өнімді лақтырмаңыз немесе шамадан тыс күш қолданбаңыз. Құлап қалу сияқты жағдайлардан өнім бұзылатын болса, өнімді ары қарай пайдаланбаңыз. Өнімді одан ары пайдалану жарақаттауы мүмкін.

Өнімді тағу кезінде, жақтаудың шеттеріне назар аударыңыз. Шарнир сияқты өнімнің қозғалмалы бөлшектеріне саусақтарыңызды қоймаңыз. Ол жарақаттануға себеп болады.

Бұл өнімді дұрыс таққаныңызға көз жеткізіңіз. Өнімді дұрыс қолданбау ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

Бұл өнім тек нұсқаулықта көрсетілген мақсатта ғана қолданылуы қажет. Басқа мақсатта қолданған жағдайда жарақаттауы мүмкін.

Өнімде ақаулық пайда болып, дұрыс істемеген жағдайда өнімді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өнімді пайдалануды жалғастыру жарақаттануға немесе жайсыз сезінуге себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді таққан кезде теріңіз қолайсыз сезінетін болса, өнімді пайдалануды тоқтатып, жергілікті термотологпен кеңесіңіз. Сыртқы қабығына немесе өнім материалына байланысты кейде аллергия пайда болуы мүмкін.

3D кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады. 3D форматын көру кезінде өзіңізді жайсыз сезінсеңіз немесе көре алмасаңыз, 3D функциясын қолданбаңыз. 3D кескіндерін көруді жалғастыру өзіңізді жайсыз сезінудің себебі болады.

Балалардың (әсіресе, бастауыш сынып оқушыларынан кіші балалар) көру қабілеті әлі де дамып келе жатқандықтан, олар өнімді пайдаланбағаны дұрыс.

жарыққа сезімталдығыңыз болса немесе өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, өнімді пайдаланбаңыз. Олай істеген жағдайда, одан ары нашарлауыңыз мүмкін.

Көзіңізге қатысты ақаулықтар болған жағдайда, өнімді қолданбаңыз. Ол көздің қылилануын, көз жанарының нашарлауын немесе анизометропия симптомдарын нашарлатуы мүмкін.

Бұл өнімді тағу кезінде, оптикалық әйнек қара болғанымен, күнге немесе кез келген жарық шамдарына тікелей қарамаңыз. Ол көздің жарақаттануына себеп болады.



Сақ болыңыз Өнімнің қалыпсыз жұмыс істеуіне қатысты сақтық шаралары

Батареяларды ауыстыру кезінде өкілетті Epson дилеріне хабаралсыңыз.

Өнім дұрыс жұмыс істемеген жағдайда немесе жөнделген жағдайда өнімде сақталған дерек жоғалуы немесе зақымдалуы мүмкін. Кез келген деректің жоғалғанына немесе деректің зақымдалғанына Epson компаниясы кепілдік кезеңінде де жауап бермейді.

Дайындау

Бөлшек аттары мен функциялар

Контроллер


Сенсорлық тақта

Саусақтарыңызды тигізу арқылы өнімді басқарыңыз.

→ "Сенсорлық тақтаны пайдалану" беті: 18

microSD картасының ұяшығы

Сатып алуға болатын microSD картасын салыңыз.



Қосқыш пернесі

Дыбыс деңгейін, жарық деңгейін "Жоғары/төмен" пернелері арқылы баптау кезінде және 2D/3D режимдерін ауыстыру кезінде орындалған операцияны қосады.

☰ МӘЗІР пернесі

Ағымдағы экранға арналған қолжетімді мәзірлерді көрсетеді.

🏠 БАСТЫ БЕТ пернесі

Басты бет экранына қайту үшін басыңыз.

🔌 Қуат қосқышы

Өнімді қосып, өшіру үшін [🔌] жағына жылжытыңыз.

Пернені құлыптау функциясын қосып, өшіру үшін келесі жаққа жылжытыңыз.

→ "Қосу және өшіру" беті: 16

Жарық диодының индикаторы

Өнімнің күйін білдіреді.

→ "Жарық диодының индикаторы туралы түсінік" беті: 14

micro-USB коннекторы

Жабдықталған USB кабелін жалғайды.

"Жоғары/төмен" пернелері

Дыбыс деңгейін баптайды. Дыбыс деңгейін баптау, жарық деңгейін баптау және 2D/3D режимдері арасында ауысу үшін қосқыш пернесін басыңыз.

🔍 АРТҚА пернесі

Алдыңғы экранды көрсетеді.



Гарнитура

Үнсіз режим

Бұл жерді екі рет басу арқылы, ойнап жатқанды уақытша тоқтатып, кескінді жасыратын және аудионы өшіретін үнсіз режим функциясын белсендіруге болады. Үнсіз режим функциясын іске қосу туралы толық мәлімет үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Камера/индикатор

Кескіндер мен бейнелерді түсіреді. Камера жұмыс істеп тұрғанда индикатор жанады.

➔ "Алдын ала орнатылған қолданбалар" беті: 23

Қалқа

Өнімді шамадан тыс сыртқы жарықтан қорғайды. Қоршаған орта мен кескіндердің көрінгеніне қарай қалқаның қараңғылығы да өзгереді.

Гарнитураның байланыс порты

Контроллерді жалғайды.

➔ "Зарядтау" беті: 13

Тұтқалар

Тағу үшін тұтқаларды ашыңыз.
➔ "Гарнитураны тағу" беті: 14


Мұрын тіректері

Тіректердің ені мен орынн өзгерту арқылы оптикалық әйнектердің биіктігін ыңғайлы орынға баптай аласыз.

Тыңдау құралының микрофон ұяшығы

Тыңдау құралының микрофондарын жалғайды. Сіз, сонымен қатар, сатып алуға болатын тыңдау құралының микрофондарын жалғай аласыз. Микрофонды жалғай алмайсыз.

➔ "Гарнитураны тағу" беті: 14



Зарядтау

Сатып алған уақытта өнім толықтай зарядталып тұрмайды. Қолданбас бұрын зарядтаңыз. Бұл бөлімде АТ адаптерін қалай зарядтау қажеттігі туралы түсіндіріледі. Алғашқы зарядтауға шамамен 5 сағат кетеді.

1 Гарнитура мен контроллерді жалғаңыз.


Гарнитураның байланыс кабелін контроллер гарнитурасының байланыс портына нық орныққанша енгізіңіз.

2 Контроллер мен АТ адаптерін жалғаңыз.

Контроллер мен АТ адаптерін USB кабелімен жалғаңыз.

3 АТ адаптерін жалғаңыз.

Жарық диодты индикатор ашық көк түспен жыпылықтайды.



Жарық диодты индикатор жыпылықтауды тоқтатып, тұрақты ашық көк түске ауысқан кезде, зарядтау аяқталады. АТ адаптері мен USB кабелін ажыратыңыз.

Батареяның қызметтік уақыты шамамен алты сағат. Батареяның қызметтік уақыты жұмыс істеп тұрған қолданбалар мен қолданыс жағдайларына қарай өзгеруі мүмкін.

Жарық диодының индикаторы туралы түсінік

Жарық диоды индикаторының түсі мен күйі өнімнің күйін білдіреді.

Ашық көк	Жұмыс істеп тұр
Жыпылықтаған ашық көк (аралығы бір секунд)	Қосылуда / өшірілуде
Жыпылықтаған ашық көк (аралығы екі секунд)	Зарядтау
Жыпылықтайтын қызыл	Батарея заряды төмен/ іске қосылу қатесі
Қызыл түстің үш рет жануы	Іске қосылу үшін батарея қуатының жеткіліксіздігі
Көк	Ұйқы режимі

Гарнитураны тағу

- 1 Тұтқаларын екі қолыңызбен ашыңыз да, гарнитураны тағыңыз.




Сақ болыңыз

Гарнитураның тұтқаларын ашу кезінде шамадан тыс күш жұмсамаңыз.


Ескертпе

Гарнитура тағылып тұрғанда нық тұрмаса, жабдықталған құлақ ілмегін бекітіңіз. Құлақ ілмектерін нық тұратындай етіп, алға немесе артқа баптаңыз.




2 Мұрын тіректерінің ені мен күйін линзалар көз деңгейінде болатындай реттеңіз.

Биіктігін кескіндерді оңай көруге болатындай баптаңыз. Мұрын тіректерін мұрныңыздың пішіміне сай келетіндей баптаңыз.



3 Құлақ телефонының микрофондарын құлақ телефоны микрофонының ұяшығына жалғаңыз.

Өнімді тақпас бұрын немесе кез келген мазмұнды ойнатпас бұрын құлақ телефонын бекітіңіз. Құлақ телефонының микрофондары ажыратылған болса немесе мазмұн ойнатылып жатқанда жалғанса, шуыл естілуі мүмкін.



4 Құлақ телефонының микрофондарын тағыңыз.

Көзілдірік тағатын адамдар үшін

Гарнитураны ені шамамен 145 мм-ге дейінгі көзілдіріктің сыртынан тағуға болады.


Ескертпе

Мұрын тіректерін төменде көрсетілгендей баптаңыз.


- Мұрын тіректерін мұрныңыздағы көзілдірік жақтауының сыртында жататындай тартыңыз.



- Мұрын тіректерінің енін мұрныңызда көзілдірік жақтауларының арасындағы бос аралықта жататындай тарылтыңыз.




- Мұрын тіректерін көзілдірікті басып тұратындай жазыңыз.



Жабдықталған оптикалық әйнек ұстағышы арқылы, гарнитураны көзілдірік үстіндегі гарнитураға қатысты қиындықсыз таға аласыз.

Оптикалық әйнек ұстағышына әйнектерін орнату үшін жергілікті оптикке хабарласыңыз және гарнитураға бекітіңіз. (Оптикалық әйнектің шығынына пайдаланушы жауапты. Кейбір оптиктер әйнек ұстағышына тапсырыс бойынша жасалған әйнекті орната алмауы мүмкін.)



Әйнек ұстағышының әйнектері

Оптикалық әйнектер (Е x Б)	50 x 24 мм
Мұрын тіректері	20 мм
Жақтаудың АД	70 мм
Қисық	4

Ескертпе

Түрлі түсті, айнасы бар және бағытталған әйнектер сияқты арнайы әйнектер қолданғанда кескіндер көрінбеуі мүмкін.

Қосу және өшіру

Қосу

Ескертпе

Өнімді қоспас бұрын, заряд деңгейін тексеріңіз.

→ "Зарядтау" беті: 13

- 1 **Қуат қосқышын [⏻] жаққа жылжытып, жарық диодының индикаторы ашық көк түске өзгергенше ұстап тұрыңыз.**



Іске қосылған кезде жарық диодты индикатор ашық көк түспен жыпылықтайды. Индикатор жыпылықтауды тоқтатып, тұрақты ашық көк түске ауысқан кезде, іске қосылу аяқталады. Гарнитураны тағып, басты бет экранын көрсетілгенін тексеріңіз.

Ескертпе

- Сенсорлық тақтаны қолдану туралы ақпарат үшін төмендегіні қараңыз.

→ "Сенсорлық тақтаны пайдалану" беті: 18

- **Өнім қосұлы болғанда экранды өшіру (Ұйқы режимі)**

Қуат қосқышын [⏻] жаққа жылжытқанда, өнім "Ұйқы" режиміне ауысып, жарық диодты индикатор көк түске өзгереді. Қуат қосқышын [⏻] жаққа

қайта ауыстыру арқылы "Ұйқы" режимінен шыға аласыз.

• Контроллер операцияларын істен шығару (пернені құлыптау)

Пернені құлпын қосу үшін қуат қосқышын [⏻] қарама-қарсы жаққа жылжытыңыз. Перні құлпын босату үшін, қуат қосқышын ортаға жылжытыңыз.


Өшіру

1 Қуат қосқышын [⏻] жаққа жылжытыңыз және кемінде бір секунд ұстап тұрыңыз.



[Power off] экраны пайда болады.

2 Сенсорлық тақтаға қолыңызды тигізіңіз, [⏻] көрсеткісін [OK] күйіне қойып, растау үшін сенсорлық тақтаны басыңыз.




Өшеді.

Ескертпе

Егер өнім қатып қалса, оны өшіру үшін төмендегі әдістердің бірін қолдана аласыз.

- Қуат қосқышын [⏻] жаққа жылжытыңыз және кемінде сегіз секунд ұстап тұрыңыз.
- Қалпына келтіру түймесін басу үшін жіңішке бірдеңе көмегімен кемінде екі секунд басыңыз.

Қалпына келтіру түймесі



Сақ болыңыз


Өнім қатып қалмаса, оны күшпен өшірмеңіз. Сақталған дерек пен параметрлер жоғалуы мүмкін.

Операцялар

Сенсорлық тақтаны пайдалану

Бұл бөлім өнімді сенсорлық тақта арқылы қалай басқару қажеттігін түсіндіреді.


Сенсорлық тақтаға қолыңыз тигенде, экранда меңзер көрсетіледі. Өнімді басқару үшін меңзерді жылжытыңыз.



Операция әдістері

■ Басу

Меңзерді белгішеге немесе дисплей элементіне жылжытыңыз және сенсорлық тақтаны басыңыз. Бұны қолданбаларды іске қосу үшін және элементті таңдау үшін істейсіз.

Меңзер пішімі: 



■ Жылжыту

Белгішені таңдау немесе элементті көрсету үшін сенсорлық тақтаны бір секундқа басып тұрыңыз және оны жылжыту үшін сенсорлық тақтадағы саусағыңызды жылжытыңыз. Бұл функцияны белгішелерді жылжыту үшін және экрандарды айналдыру немесе өзгерту үшін пайдаланыңыз.

Меңзер пішімі: 



■ Шерту

Саусағыңызды қағазды парақтағандай сырғытыңыз немесе сенсорлық тақтаны екі саусақпен сырғытыңыз.



■ Екі саусақты ажырату

Екі саусақтың алшақтауынан экран көлемі ұлғаяды.



■ Екі саусақтың қосылуы

Екі саусақтың жақындауынан экран көлемі кішірейеді.




Пернеаралық функция

Таңдалған элементтерді жылжытуға және растауға мүмкіндік береді.


■ "Жоғары/төмен" пернелері

Таңдалған элементтерді жоғары немесе төмен жылжыту үшін экран жиектерінде саусағыңызды жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Ағымдағы экран көрінісінен тыс жоғары немесе төмен жылжыту үшін саусағыңызды экраннан алмаңыз.




■ Сол/оң жақ пернелер

Таңдалған элементтерді солға немесе оңға жылжыту үшін экран жиектерінде саусағыңызды солға немесе оңға жылжытыңыз. Ағымдағы экран көрінісінен тыс солға немесе оңға жылжыту үшін саусағыңызды экраннан алмаңыз.



■ Пернені таңдау

Таңдалған элементті растау үшін кез келген бұрышты басыңыз.



Ескертпе

Пернеаралық функцияны қолдану кезінде төмендегіні көрсету-көрсетпеуді таңдай аласыз. Толық мәлімет алу үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.


- "Жоғары/төмен" операциялар: [] []
- Сол/оң жақ операциялар: [] []
- Операцияларды таңдау: []

Мәтінді енгізу

Бағдарламалық пернетақтаны көрсету үшін мәтінді енгізуге болатын орынды түртіңіз. Мәтінді енгізу үшін пернетақтаны түртіңіз.

Таңба түрін ауыстыру

Пернетақтаның перне түрін ауыстыру үшін пернетақтадағы [AB12] пернесін түртіңіз.



Ескертпе

[Settings] - [PERSONAL] - [Language & input] ішінен толық мәліметті параметрлерді жасай аласыз. Толық мәлімет алу үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.




Басты бет экранын пайдалану

Басты бет экранынан қолданбаларды іске қоса аласыз және түрлі параметрлерді басқара аласыз.

Өнімді пайдалану кезінде бұл экран ең алғашқы көрінетін экран болып табылады.

Басты бет экранын көрсету үшін [] пернесін басыңыз.




- 1 Қолданба/виджет аймағы
Бұл аймақ басты бет экранында көрінетін қолданбаларға арналған ярлықтар мен виджеттерді орналастыруға мүмкіндік береді.
- 2 Қолданба/виджет тізімі
Displays the APPS/WIDGET тізімінің экранын көрсетеді.
- 3 Күй жолағы
Өнімнің күйін білдіреді.
- 4 Виртуалды түймелер
 -  : Алдыңғы экранға қайтарады.
 -  : Басты бет экранын көрсетеді.
 -  : жақында қолднылған қолданбаларды көрсетеді.

Қолданбаны іске қосу

APPS тізімі экранынан қолданбаларды іске қосады.

Басты бет экраны



APPS тізімі экраны



Қолданба экраны



Басты бет экранында қолданбалар мен виджеттерді орналыстыру


APPS/WIDGET тізімінің экранынан басты бетке көргізілген қолданбалар мен виджеттерді таңдап, орналастырыңыз.

- 1 APPS/WIDGET тізімінің экранында, меңзерді қолданба/виджетке апарып, қолданба/виджетке саусағыңызды басып тұрыңыз.**



Басты бет экранында белгішені орналастыруға арналған орынды таңдауға мүмкіндік беретін экран көрсетіледі.

- 2 Белгішені орналастырғыңыз келген орынға апарып, саусағыңызды алыңыз.**



Басты бет экранында қолданбалар мен виджеттерді жою

Басты бет экранына орналастырылған қолданбалар мен виджеттерді жойыңыз.

- 1 Басты бет экранында, жойғыңыз келген қолданба/виджетке саусағыңызды басып тұрыңыз.**

[✕] экранның жоғарғы жағында көрінеді.

- 2 Жойғыңыз келген қолданба/виджетті [✕] үстіне апарып, саусағыңызды алып тастаңыз.**



Күй жолағының белгішелері

	Музыка ойнату
	USB арқылы байланысу
	Сымсыз LAN қосылу/пайдалану
	Bluetooth арқылы қосылу
	microSD картасын сканерлеу
	Батареяны зарядтау күйі
	Зарядтау
	Жүктеп алуды аяқтау
	Dolby Digital Plus форматы қосылу
	microSD картасын шығару
	MOVERIO Mirror Source режиміне қосылу
	MOVERIO Mirror Source режиміне байланыс орнатылмады
	MOVERIO Mirror Sink режиміне қосылу










MOVERIO Mirror Sink режиміне байланыс орнатылмады

Алдын ала орнатылған қолданбалар

Әр қолданба туралы толық мәлімет алу үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

	Gallery ➔ беті: 29
	Music
	Browser ➔ беті: 30
	SEViewer
	MOVERIO Mirror ➔ беті: 31
	Calendar
	Find
	User
	Voice Recorder

	Calculator
	Email
	Камера
	Clock
	Downloads
	Settings
	Moverio APPS Market

Қолжетімді виджеттер

Виджеттер - басты бет экранында ақпаратты көрсететін шағын қолданбалар. Бұл өнім үшін төмендегі виджеттер бар.

Analog clock

Bookmark

Calendar

Contacts

Email

Music

Music playlist

Power control

Find

Settings

MOVERIO Mirror

Бастапқы параметрлер

Өнімді пайдаланбас бұрын төмендегі параметрлерді орнатыңыз.

Желіні орнату


Wi-Fi байланысын өнім интернетке LAN желісінің үстіне қосылатындай орнатыңыз.

Ескертпе

Орнатпас бұрын төмендегілерді тексеріңіз.

- Қосылғыңыз келген сымсыз LAN кіру нүктесіне немесе қоғамдық сымсыз LAN қызметіне арналған SSID (желінің аты).
- Қосылғыңыз келген желіге арналған құпия сөз бен қауіпсіздік түрі.

1 Бастапқы экранда [] түртіңіз.




APPS тізім экраны көрсетіледі.

2 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.




3 Wi-Fi қызметін [ON] күйіне орнату үшін [WIRELESS & NETWORKS] - [Wi-Fi] - [OFF] түртіңіз.





Қолжетімді SSIDs (желі аттары) көрсетіледі.

4 Қосылғыңыз келген SSID (желі атауын) түртіңіз.



5 Кұпия сөзді енгізіп, [Connect] түртіңіз.



Күй жолағында [] көрінген кезде, орнату аяқталады.

Ескертпе


- Мәтінді қалай енгізу қажеттігі туралы толық мәлімет үшін төмендегілерді қараңыз.
➔ "Мәтінді енгізу" бөті: 20
- Қосылғыңыз келген желі табылмаса, SSID желісін қолмен қосуға болады. Толық мәлімет алу үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Тілді орнату


Дисплей тілін орната аласыз.

1 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.

2 [PERSONAL] - [Language & input] - [Language] түртіңіз.



3 Қолданғыңыз келген тілді таңдаңыз.




Дисплей тілі таңдалған тілге өзгереді.

Күн мен уақытты орнату

Күн мен уақытты орнатыңыз.

1 **APPS** тізімі экранында [] түртіңіз.

2 **[SYSTEM]** - **[Date & time]** - **[Automatic date & time]** түртіңіз.



Күн мен уақыт автоматты түрде орнатылады.


Ескертпе

- Егер өнім интернетке қосылмаса, күн мен уақыт автоматты түрде орнатылмайды.
- Күн мен уақытты қолмен орнатқанда, сағаттық белдеу және көрсету пішімі сияқты басқа да параметрлерді орната аласыз. Толық мәлімет алу үшін Анықтамалық нұсқаулықты қараңыз.

Сөзкөмектерді көрсету

Экран қалай көрсетіледі

Экран көлемін сізден бастап есептегендегі қашықтыққа байланысты өзгертуге болады. Егер сіз қараған жер алшақ болса, экран да алшақ немесе үлкен болып көрінеді. Егер қараған жер жақын болсаңыз, экранда жақын және кіші болып көрінеді. Экран көлемін әр адам әр түрлі сезінеді.



Сақ болыңыз

Өніммен айналаңызды түгел көру қиындау болады. Оңай шағылатын заттарды жақын жерге қоймаңыз және өнімді тағып алып, айналмаңыз.


Ескертпе

- Кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады.
- Оң және сол көзіңіздің көру қабілеті екі түрлі болған жағдайда, 3D кескіндерін дұрыс көре алмауыңыз мүмкін.
- Кескінің қалай қабылданатындығы айналаңыздың жарықтығына байланысты өзгеруі мүмкін.


Қара әйнекті алмастыру

Ауыстыруға арналған (қараңғылататын) қалқаны бекіту арқылы кескіннің түс қанықтылығын арттыру үшін өнімге кіретін сыртқы жарық мөлшерін азайтуға болады.

- 1 Саусақты қара әйнек астына қойып, алға тартыңыз.**



- 2 Алмастырушы қарай әйнектің ортасын гарнитура ортасының үстінен орнатып, гарнитураға бекітілмегенше ортасынан басыңыз.**



Сақ болыңыз

Егер қалқаны шамадан тыс күш жұмсап тартсаңыз немесе бассаңыз, қалқа зақымдалуы мүмкін. Қалғаға шамадан тыс күш жұмсамаңыз.

Кескіндерді көрсету

Компьютерден көшірілген бейнелерді көру (Gallery)

Бұл бөлім компьютерде сақталған кескіндерді қалай көру қажеттігі туралы түсіндіреді. Бейнені компьютеріңізден өнімнің ішкі жадына және сатып алуға болатын microSD картасына көшіріңіз.

Gallery көмегімен көшірілген деректі көріңіз.

Ескертпе

Келесі тармақтарды алдын ала тексеріңіз.

- Бейне дерегін компьютерден көшірген кезде, өнімді компьютерге USB кабелі арқылы қосыңыз. Компьютер оны тасымалданатын құрылғы ретінде анықтайды, деректі ішкі жадқа немесе microSD картасына көшіре аласыз. Толық мәлімет алу үшін Іске қосу нұсқаулығын қараңыз.


➔ "Компьютерден көшірілген бейнелерді көру" (Іске қосу нұсқаулығы)


- Өнімнің ішкі жадының сыйымдылығы - 8 Гб.
- microSD картасы өнімге қоса беріледі. Өнім сатып алуға болатын microSD карталарын (2 Гб дейін) және microSDHC карталарына (32 Гб дейін) қолдау көрсетеді. Картаны контроллердің microSD картасының ұяшығына салыңыз, содан кейін деректі көшіріңіз.

1 APPS тізімі экранында [] түртіңіз.

Gallery негізгі экраны көрсетіледі.



2 Көргіңіз келген деректі таңдаңыз.



Қолданбаны таңдау экранын көрсету үшін [] түртіңіз. Дерек оқуды бастау үшін [Video player] түртіңіз.

Бейнелерді орнату кезіндегі операциялар.



- 1 Кідірту
